

Тәрбие сағатының тақырыбы: Кітап –білім бұлағы

Сабақтың мақсаты:

1.Білімділік: Кітап –білім бұлағы дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру.

2.Дамытушылық: Оқушыларға кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру.

3.Тәрбиелік: Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оқулықты құрметтеуге, күтіп ұстауға үйрету.

Көрнекілік: Слайдтар, кітаптар.

Тәрбие сағатының барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі-оқушылармен сәлемдесу, мемлекеттік әнұранды орындату.

2. Негізгі бөлім

Кітап арабтың “**жазу**” деген сөзінен шыққан. Кітап-тарих шежіресі, оқу тәрбие құралы болып табылады. Оқымасан ой тоқырайды” деген сөз кітап оқымағанның ойы таяз, санасы төмен, өмірі қараңғы болатыны дәлелдейді. **Алғашқы кітаптар** осыдан бірнеше жыл бұрын пайда болған. Ол біздің қолымыздағы еш нәрсеге ұқсамайды. Алғаш рет **кітап** жұмсақ балшықтан жасалған. Жұмсақ балшыққа үшкір нәрсемен жазу жазып, оны кептіріп, кейін күйдірген. Ол кәдімгі кірпіш тас сияқты болған. Бамбук өсімдігінен таяқшалар әзірлеп соған да жазған. Ежелгі Египетте кітапты тасқа қашап жазған. Кейін жануарлардың терісінен пергамент деп аталатын материал жасалып, кітап соған жазылған.

Еуропада кітап шығарудың негізгі материалы қағаз XIII ғасырда пайда болды. Кітаптың шығу тарихы мыңдаған жылдар мен ғасырларды артқа тастаған.

Шынымен де, кітап арқылы адамзат ақыл-ойының, інжу-маржанын бойына жинайды да, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. **Кітап**-барлық білімдердің басын бір жерге тоғыстырып, кез-келген сәтте көмекке келетін ерен күш, әрі білімді жетілдіріп, жан-жақты ізденіп, тіл байлығын дамытып, саналы да, білімді адам шығаруда тап-тырмайтын баға жетпес дүние.

«Кітапсыз өтілген бір күн, орны толмай бос кеткен күн». Сондықтан да кітап атаулы мен дос бола бастау сәби шақтан басталу керек. Баланың ой - өрісін дамытудағы дамыту ойын-дары, табиғатпен байланыс, музыкалық білім және т. б. қатар маңызды орындардың бірі кітап оқу болып табылады. Кітап оқу баланың ой-өрісін кеңейтеді, ойлауға үйретеді, сөйлеу қабілетін, есте сақтауын, қиялын дамытады, танымдық және дамытушылық қызметін анықтайды.

Сәби тілі былдырлап шыққаннан ақ сүтін емізген анасының әлди әуеніне құлақ түреді. Әжесі мен атасының жарыса айтқан ертегілерін қызыға тыңдайды. Жалмауыз кемпірдің жауыздығын естігенде жәудіреген жанарларына үрей ұялайды. Батырлық пен тапқырлық туралы айтылатын жерлерінде жаны жадырап, рақаттанып отырады. Осы құштарлықты әдемі безендірілген суретті кітапшалар ұштай түсетінін де үлкендер жақсы біледі. Ал кітап таңдай алудың өзі үлкен өнер. Балалар үшін барлық іс - кітаптар таңдауда, нашар таңдап алынған кітаптарды оқу бала үшін ештеңе оқымағаннан да гөрі жаман да, зиянды.

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Ал білім сипаты алуан түрлі. Ол ұрпақтан – ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде немесе көркем әдебиет арқылы да жеткен. Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл – ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік» - деген еді **Ғабит Мүсірепов**.

Кітап таңдап талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсеріңді өмір қажетіңе жарата білу – әрбір адамның б мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі. Міне осы асыл қазынаны оқу қазіргі таңда төмендеп отыр. «Кітап маған тақтан да қымбат», - деп атап көрсеткен **Шекспир**.

Өкінішке орай көркем әдебиетке деген өз бетімен балалардың қызығушылығы азайды. Әдебиетке деген құлықсыздық пайда болды. Оның себептерін күнделікті қолданысқа енген ғалам торабын , компьютер секілді құралдардың әсері деп білеміз. Бұдан соңғы себеп, аттаған әр қадамыңыз ақша керек болатын күнделікті тіршілік қамы адамдардың кітапқа деген ынтасын төмендетіп жіберетіндігі.



Мұның барлығы балалардың кітап оқуына үлкен кедергі келтіреді. Қоғамымыздың рухани әлемін жұтаңдатып әкетіп бара жатқан осы мәселеге ден қоюымыз да тегін емес. Мақсатымыз – кітап неге оқылмайды деген сауалдың жауабын жан – жақты іздеу.






Қазақтың көркем тілі – қазақ тілі қазақтың көркем әдебиетінде. Ал әр ұлттың әдебиеті мен тілі ең алдымен әр ұлттың әдебиеті мен тілі ең алдымен әр ұлттың өзіне керек.







Қазіргі қазақ қоғамының алдында жас ұрпақты кітапқа, оның ішінде қазақ тілінде жазылған кітапқа баулу.




2 сәуір – “Халықаралық балалар кітаптарының күні”,

23-сәуір-”Дүниежүзілік кітап күні” болып табылады











шб N61

ҰР, ТОҚПАҚ

қазақ ертегілері

A colorful illustration of a man in traditional Kazakh attire riding a horse. He is carrying a bag and holding a staff. The background shows a landscape with a smaller figure on horseback in the distance.

АУДИО КІТАП

CD

"Жазушы" баспасы Оқыған: Гүлназит ОМАРОВА



ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН ЖАМАНДЫҚ

шб N57

қазақ ертегілері

A dark, stylized illustration of a man with a bear on his head. The man has a large, expressive face and is looking towards the viewer. The bear is perched on his head, holding a red object. The background is dark with a crescent moon and a fire at the bottom.

АУДИО КІТАП

CD

"Жазушы" баспасы Оқыған: Сауық ЖАҚАНОВА

шб N35

ЕРТОСТІК-1

қазақ ертегілері

A black and white illustration of a man in traditional attire fighting a large, multi-headed dragon. The man is holding a bow and arrow, ready to strike. The dragon is coiled around him, with its heads raised. The background is red.

АУДИО КІТАП

CD

"Жазушы" баспасы Оқыған: Гүлназит ОМАРОВА

шб N52

АЛТЫН БАЛЫҚ

қазақ ертегілері



АУДИО КІТАП

CD

“Жазушы” баспасы Оқыған: Сауық ЖАҚАНОВА

шб N63

ҚУЫРМАШ - 1

қазақ ертегілері



АУДИО КІТАП


CD

“Жазушы” баспасы Оқығандар: Рауан РОШІТҚЫЗЫ Гүлнәзит ОМАРОВА

шб N40

КЕРҚУЛА АТТЫ КЕНДІБЕЙ

қазақ ертегілері



АУДИО КІТАП


CD

“Жазушы” баспасы Оқығандар: Сауық ЖАҚАНОВА Гүлнәзит ОМАРОВА

шб N43

АЛПАМЫС

қазақ ертегілері



АУДИО КІТАП


CD

“Жазушы” баспасы Оқыған: Гүлнәзит ОМАРОВА

шб N48

КҮН АСТЫНАДАҒЫ КҮНЕКЕЙ ҚЫЗ

қазақ ертегілері



АУДИО КІТАП


CD

“Жазушы” баспасы Оқыған: Гүлнәзит ОМАРОВА

шб N54

ҚЫМАҚ ҚАСҚЫР

қазақ ертегілері



АУДИО КІТАП

CD

“Жазушы” баспасы Оқыған: Сауық ЖАҚАНОВА

Кітап ([араб.](#): – жазба) — мерзімсіз баспасөз басылымы; көркем-әдеби, қоғамдық-саяси, ғылыми-практикалық мазмұндағы туынды.

Кітаптың алғашқы түрлері ежелгі Шығыс елдерінде, [Грекияда](#) Кітаптың алғашқы түрлері ежелгі Шығыс елдерінде, Грекияда, [Римде](#) Кітаптың алғашқы түрлері ежелгі Шығыс елдерінде, Грекияда, Римде [қыш](#) Кітаптың алғашқы түрлері ежелгі Шығыс елдерінде, Грекияда, Римде қыш текшелеріне, тақта тастарға [сына жазуымен](#) Кітаптың алғашқы түрлері ежелгі Шығыс елдерінде, Грекияда, Римде қыш текшелеріне, тақта тастарға сына жазуымен жазылды. Біздің заманымыздан бұрынғы 25-ғасырда Мысырда [қыш](#) Кітаптың алғашқы түрлері ежелгі Шығыс елдерінде, Грекияда, Римде қыш текшелеріне, тақта тастарға сына жазуымен жазылды. Біздің заманымыздан бұрынғы 25-ғасырда Мысырда қыш текшелердің орнына [қамыс](#) Кітаптың алғашқы түрлері ежелгі Шығыс елдерінде, Грекияда, Римде қыш текшелеріне, тақта тастарға сына жазуымен жазылды. Біздің заманымыздан бұрынғы 25-ғасырда Мысырда қыш текшелердің орнына қамыс ([папирус](#) Кітаптың алғашқы түрлері ежелгі Шығыс елдерінде, Грекияда, Римде қыш текшелеріне, тақта тастарға сына жазуымен жазылды. Біздің заманымыздан бұрынғы 25-ғасырда Мысырда қыш текшелердің орнына қамыс (папирус) қолданылды. Біздің заманымыздан бұрынғы 7-ғасырда қамысқа кітап жазу ісі [Грекия](#) мен Римде кең өріс алды. Осыған байланысты кітапты көшіріп жазуға машықтанған

Қай елдің, қай халықтың болмасын оның мәдени деңгейі, сауаты, әрине, кітаппен байланысты. [Америка Құрама Штаттарында](#) халықтың тең жартысы кітап оқымайтын көрінеді. Соның да салдары шығар, сұрақ-анкета нәтижесіне үңілгенде студенттердің 40 пайызы Израиль - араб елдерінің бірі деп жауап берген. [Франклин Рузвельт](#) АҚШ-тың Вьетнам соғысы кезіндегі президенті деп түсінеді екен. Ал сол студенттердің тең жартысы Черчилльдің кім екенін білмей шыққан...

Кітап оқудың ұлт болашағы үшін маңызы зор. Білімсіз қоғам ешқашан да өрге басқан емес.

[Финляндияда](#) «Скепсис» деген қоғам бар. Оның мүшелері әр жылдың аяғында бас қосып, ақылдаса отырып, жылдың ең нашар кітабына «Құрмет грамотасын» беретін көрінеді.

[Шри-Ланкада](#) археологиялық қазба жұмыстарымен шұғылданған Америка ғалымдары әр парағы таза алтыннан дайындалған ғажап бір кітап тауып алыпты. Онда көне Үндістанның белгілі бір дастаны басылған дейді

Кітап оқыған кезде әрі жаңа мәліметтер үйреніледі, ой-өрісті арттырады, әрі күнделікті қиыншылықтарыңыздан аз болса да ұзақтаған боласыз. Көп кітап оқыған адамдардың сөйлеу мәнері дұрысталады. Әдемі және түсінікті сөйлемдер құрады.

Пікірін орынды түрде жеткізе алады. Оқиғаларды тіл байлығымен қызықты етіп айтып береді. Оңайшылықпен ашуланбайды, сабырды үйренеді. Түсінігі мол және шыдамды болады.

Кітап оқу дағдысы кіші жастарда пайда болса, әсерлірек, жақсырақ және тұрақты болады. Бұған ата-ананың да көмекші болуы, оқығандарын бірге талқыға салуы, өзі де кітап оқып үлгі болғаны жақсы. Балалар мен жас өспірім оқыған кезде қызығушылық танытатын комикстер, қысқа хикаялар, қызықты балалар ертегілері, сөз қазынасын арттыратын кроссвордтар, жұмбақтар, балалар мен жас өспірімдер үшін дайындалған журналдар да оқу дағдысын тудырады.